Әділет

# Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін біржолғы талондар құнының мөлшерін және тіркелген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2008 жылғы 20 наурыздағы N С-9/16 шешімі. Ақмола облысы Көкшетау қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 31 наурызда N 1-1-81 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 30 наурыздағы № С-22/10 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2009.03.30 № С-22/10 шешімімен.*

---

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 373 және 394 баптарына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1469 "Бір жолғы талондар беру Ережелерін бекіту туралы " Бұйрығына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4493 болып тіркелген), Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің N 1, 2 қосымшаларына сәйкес базарларда (базарлардың аумағында орналасқан стационарлық жайларда жалға алу келісім шарты бойынша өткізуден өзге жағдайларда) тауар өткізу бойынша біржолғы берілетін талондардың құны, сондай-ақ, ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға арналған біржолғы талондардың құны бекітілсін.

2. N 3 қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнайы салық тәртібі бойынша тіркелген жиынтық салық ставкалары бекітілсін.

3. Көкшетау қалалық мәслихатының 2002 жылғы 14 ақпандағы N С-21/7 " Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін біржолғы талондар құнының мөлшерін және тіркелген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" шешімі ( Ақмола облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 6 наурызда N 996 болып тіркелген, 2002 жылғы 21 наурызда "Көкшетау" N 8 және 2002 жылғы 21 наурызда "Степной маяк" N 8 газеттерінде жарияланған, Көкшетау қалалық мәслихаты сессиясының шешімдеріне енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен: 2002 жылғы 20 тамыздағы N С-29/7 "Қалалық мәслихаттың 2002 жылғы 14 ақпандағы N С-21/7 "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері

үшін біржолғы талондар құнының мөлшерін және тіркелген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" шешімінің N 1 қосымшасына өзгерістер енгізу туралы", Ақмола облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 6 наурызда N 996 болып тіркелген" шешіміне, Ақмола облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 5 қыркүйекте N 1287 болып тіркелген, 2002 жылғы 12 қыркүйекте "Көкшетау" N 43 және 2002 жылғы 12 қыркүйекте "Степной маяк" N 43 газеттерінде жарияланған; 2002 жылғы 13 қарашадағы N С-31/6 "Қалалық мәслихаттың 2002 жылғы 14 ақпандағы N С-21/7 "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін біржолғы талондар құнының мөлшерін және тіркелген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" шешімінің N 3 қосымшасына өзгерістер енгізу туралы", Ақмола облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 6 наурызда N 996 болып тіркелген" шешіміне, Ақмола облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 19 қарашада N 1408 болып тіркелген, 2002 жылғы 28 қарашада N 53 "Көкшетау" және 2002 жылғы 28 қарашада "Степной маяк" N 53 газеттерінде жарияланған; 2002 жылғы 25  желтоқсандағы N С-33/6 "Қалалық мәслихаттың 2002 жылғы 14 ақпандағы N С-21/7 "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін біржолғы талондар құнының мөлшерін және тіркелген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" шешімінің N 1, N 3 қосымшаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", Ақмола облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 6 наурызда N 996 болып тіркелген" шешіміне, Ақмола облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 29 желтоқсанда N 1456 болып тіркелген, 2003 жылғы 9 қаңтарда "Көкшетау" N 2 және 2003 жылғы 9 қаңтарда "Степной маяк" N 2 газеттерінде жарияланған; 2004 жылғы 16 қарашадағы N С-17/7 "Қалалық мәслихаттың 2002 жылғы 14 ақпандағы N С-21/7 "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін біржолғы талондар құнының мөлшерін және тіркелген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" шешімінің N 3 қосымшасына толықтырулар енгізу туралы", Ақмола облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 6 наурызда N 996 болып тіркелген" шешіміне, Ақмола облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 6 желтоқсанда N 2909 болып тіркелген, 2004 жылғы 12 желтоқсанда "Көкшетау" N 45  және 2004 жылғы 12 желтоқсанда "Степной маяк" N 45 газеттерінде жарияланған; 2007 жылғы 30 наурызда N С-39/6 "Көкшетау қалалық мәслихатының 2002 жылғы 14 ақпандағы N С-21/7 "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін біржолғы талондар құнының мөлшерін және тіркелген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы", Ақмола облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 6 наурызда N 996 болып тіркелген" шешіміне, Көкшетау қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 3 сәуірде N 1-1-59 болып тіркелген, 2007 жылғы 5 сәуірде "Көкшетау" N 14 және 2007 жылғы 5 сәуірде "Степной маяк" N 14 газеттерінде жарияланған; 2007 жылғы 13

желтоқсандағы N С-6/23 "Көкшетау қалалық мәслихатының 2002 жылғы 14 ақпандағы N С-21/7 "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері үшін біржолғы талондар құнының мөлшерін және тіркелген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне, Көкшетау қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 29 желтоқсанда N 1-1-69 болып тіркелген, 2008 жылғы 17 қаңтарда "Көкшетау" N 3 және 2008 жылғы 17 қаңтарда "Степной маяк" N 3 газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім Көкшетау қаласының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және ресми түрде жарияланған кезден бастап қолданысқа енеді.

*Төртінші шақырылған Көкшетау қалалық мәслихатының тоғызыншы сессияның төрайымы, Көкшетау қалалық мәслихатының хатшысы*

Көкшетау қалалық мәслихатының 2008 жылғы 20 наурыздағы N С-9/16 шешіміне N 1 қосымша

**Базарларда (базарлардың аумағында орналасқан стационарлық жайларда жалға алу келісім шарты бойынша өткізуден өзге жағдайларда) тауар өткізу бойынша біржолғы берілетін талондардың құны**

| N р/с | Тауардың атауы | Бір рет берілетін талонның 1 күнге арналған құны (теңгемен) |
|---|---|---|
| 1 | Ет және ет өнімдері | 370 |
| 2 | Сүт өнімдері (ірімшік, май және т.б.) | 160 |
| 3 | Көкөністер мен жемістер:<br>а) бөлшекті сауда<br>б) көтерме сауда | <br>150<br>210 |
| 4 | Кондитерлік өнімдер | 190 |
| 5 | Жаңа ауланған балық | 120 |
| 6 | Табиғи аң және мал терілерінің бұйымдары (соның ішінде бас киімдер) | 330 |
| 7 | Бал | 290 |
| 8 | Гүлдер (жеке ауладағы гүлдерден басқа) | 150 |
| 9 | Қосалқы автобөлшектер (жаңа) | 280 |
| 10 | Қосалқы автобөлшектер, қолданылған метизо-шаруашылық тауарлары | 140 |
| 11 | Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар мен автокөліктер | 170 |

| | | |
|---|---|---|
| 12 | Электротұрмыстық құралдар | 150 |
| 13 | Жасанды аң және мал терілерінен жасалған бас киімдер | 200 |
| 14 | Аяқ киім | 190 |
| 15 | Автокөліктермен жүргізілетін сауда: | |
| | 2 тн дейін | 300 |
| | 2-6 тн | 500 |
| | 6 тн жоғары | 830 |

Көкшетау қалалық
мәслихатының 2008 жылғы
20 наурыздағы N С-9/16
шешіміне N 2 қосымша

**Ара-тұра сипаттағы қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға арналған біржолғы талондардың құны**

| N рр | Қызмет түрі | Бір рет берілетін талонның 1 күнге арналған құны (теңгемен) |
|---|---|---|
| 1 | Тауар өткізу (станционарлық жайларда жүзеге асырылатын жұмыстарды есептемегенде): | |
| | 1) газеттер мен журналдар | 20 |
| | 2) тұқымдар, сонымен бірге егу материалдары (көшеттер) | 30 |
| | 3) бақша өсімдіктері | 200 |
| | 4) саяжайлар мен үй маңындағы учаскелерде өсірілген гүлдер | 40 |
| | 5) ауылшаруашылық, бау-бақша және саяжай учаскелерінде өсірілген өнімдер | 40 |
| 2 | Жекеменшік трактор иелерінің жер учаскелерін өңдеу қызметі бойынша | 300 |
| 3 | Жекеменшік жеңіл автокөлік иелерінің тасу қызметі бойынша (лицензиялы тасымалмен айналысатындардан басқаларға) | |
| | жолаушылар үшін | 70 |

Көкшетау қалалық
мәслихатының 2008 жылғы
20 наурыздағы N С-9/16
шешіміне N 3 қосымша

**Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне арналған арнайы салық тәртібі бойынша тіркелген жиынтық салық ставкалары**

| N рр | Қызмет түрі | АЕК* салықтың жылдық мөлшері |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Ойынды бір ойыншымен өткізуге арналған, ақшасыз ұтысты ойын автоматтары | 30 |
| | Ойынды бірнеше ойыншымен өткізуге арналған, ақшасыз ұтысты ойын автоматтары | 30 |
| 2 | Ойын өткізу үшін пайдаланатын жеке компьютер | 30 |
| 3 | Ойын жолы | 500 |
| 4 | Бильярд үстелі | 119 |

*АЕК - айлық есептік көрсеткіш

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК